

## Д-КАЛЬЦИН D-CALCIN

### Қолдану жөніндегі нұсқаулық

#### Құрамы

5 г түйіршіктердің құрамында

*Белсенді заттар:*

Кальций-магний фитаты 125 мг

Кальций глюконаты 375 мг

Д<sub>2</sub> дәрумені 3000 ХБ

*Қосымша заттар:* сахароза, ванилин.

#### Сипаттамасы

Ақ-крем түстес, ванилиннің иісі бар түйіршіктер.

Кальций-магний фитаты (фитин) – құрамында кальций және магний тұздарының қоспасы бар фосфордың күрделі органикалық қосылысы. Сүйек тінінің өсуі мен дамуын күшейтеді.

Фосфор – ақуыздардың, нуклеин қышқылдарының, сүйек тінінің құрамына кіретін аса маңызды элемент. Фосфор қосылыстары энергия алмасуына қатысады (аденозинтрифосфор қышқылы мен креатин-фосфат энергия аккумуляторлары болып табылады), олардың өзгерулерімен бұлшықет және ақыл-ой қызметі, организмнің тіршілікпен қамтылуы байланысты болып табылады. Фосфор жүрек пен бүйректің қызметіне әсер етеді.

Өнімнің құрамына кіретін кальций глюконаты организмдегі кальций тапшылығының орнын толтырады. Кальций сүйек тінінің негізін құрайды, маңызды ферменттердің бірқатарының қызметін белсендіреді, организмдегі ион тепе-теңдігін ұстап тұруға қатысады, жүйке-бұлшықет және жүрек-қантамыр жүйелерінде орын алатын үдерістерге әсер етеді.

Д<sub>2</sub> дәрумені организмдегі Са<sup>2+</sup> мен фосфор алмасуын реттейді. Оның белсенді метаболиттері (атап айтқанда, кальцитриол) жасуша жарғақшалары арқылы оңай өтеді және нысана-ағзалардың жасушаларында арнайы рецепторлармен байланысады, бұл кальцийді байланыстыратын ақуыздар синтезінің белсенділенуіне, Са<sup>2+</sup> мен фосфордың ішекте сіңірілуінің жеңілдеуіне (екінші рет), олардың бүйректің проксимальді өзекшелерінде кері сіңірілуінің күшеюіне, сондай-ақ, сүйек тінінің қармауының артуына және олардың сүйек тінінен резорбциялануын болдырмауға ықпал етеді.

Өнімнің әсеріне оның компоненттерінің қасиеттерінің жиынтығы түрткі болады, сондықтан да кинетикалық қадағалауларды жүргізу мүмкін емес.

#### Қолданылуы

- рахиттің профилактикасы үшін: остеопатиямен, спазмофилиямен, сүйектің түзілу үдерістерінің бұзылуымен және тіс жарудың кідіруімен, организмнің

қарқынды дамуы кезінде өсудің тежелуімен қатар жүретін кальций алмасуының бұзылуларында;

- шығу тегі әр түрлі остеопороздың профилактикасы үшін;
- Д дәрумені мен кальций қажеттілігі артатын жағдайларда;
- емшек еметін және/немесе таза ауаға аз шыққан балаларда;
- жасанды жолмен тамақтандырылатын, Д дәруменінің тапшылығы бар балаларда;
- мальабсорбция синдромында, созылмалы диареяда, гастрэктомияда;
- жүйке жүйесінің қажуында;
- стеатореяда;
- гормональді дәрілерді, құрысуға қарсы дәрілерді, иммунодепрессанттарды, құрамында алюминий бар антацидтерді, диуретиктерді қабылдап жүрген пациенттерде.

### **Қолдану тәсілі**

Д-Кальцин ішу арқылы қолданылады.

*Остеопороздың профилактикасы* - тәулігіне 1000 - 2000 ХБ ( $\frac{1}{4}$  -  $\frac{1}{2}$  өлшеуіш стақан).

*Рахит пен остеомаляцияның профилактикасы* - тәулігіне 400 ХБ (1 кофе қасығы).

*Тағамдағы Д дәрумені тапшылығының орнын толтыру үшін, рахит және остеомаляция кезінде:*

- ересектерде тәуліктік дозасы 1000 - 2000 ХБ ( $\frac{1}{4}$  -  $\frac{1}{2}$  өлшеуіш стақан) құрайды;

- балаларда тәуліктік дозасы 1000 - 4000 ХБ ( $\frac{1}{4}$  - 1 өлшеуіш стақан канчик) құрайды.

Қолдану бірнеше ай бойына жалғасуы тиіс. Курс аяқталғаннан кейін, қажет болса, ересектер үшін де, балалар үшін де Д дәруменінің профилактикалық дозаларын (400 ХБ) қабылдауға көшеді.

*Құрысуға қарсы дәрілерді ұзақ уақыт бойы қабылдаған пациенттерде байқалған остеомаляцияның профилактикасы:*

- ересектерде тәуліктік дозасы 1000 - 4000 ХБ ( $\frac{1}{4}$  - 1 өлшеуіш стақан) құрайды;

- балаларда тәуліктік дозасы 1000 ХБ ( $\frac{1}{4}$  өлшеуіш стақан) құрайды.

Д дәруменінің әсеріне сезімталдық ауытқып тұруы мүмкін болғандықтан, дозасын реакцияға сәйкес реттеп отыру қажет. Са × Р (мг/дл) жалпы нормасына сәйкес, сарысуда 58-ден аспауы тиіс.

### **Айрықша нұсқаулар**

Д-Кальцинді қабылдағанда Д дәруменінің басқа көздерден де түсімін ескеру керек.

Профилактика үшін қолданған кезде, әсіресе балаларда артық дозалануы

мүмкіндігін ескеру қажет. Жоғары дозаларда ұзақ уақыт қолдану Д дәруменінің созылмалы гипервитаминозына алып келеді.

Бүйрек жеткіліксіздігінен зардап шегетін адамдарға сақтықпен қолдану керек. Қабылдау кезінде кальцийдің несеппен шығарылуын және плазмадағы кальций мен креатинин концентрациясын жүйелі түрде бақылап отыру қажет (тәулігіне 7,5 ммоль асатын (тәулігіне 300 мг) кальциурия пайда болған жағдайда, дозасын азайту немесе қабылдауды тоқтату қажет).

Д дәруменіне сезімталдық пациенттердің әрқайсысында әр түрлі болатынын және пациенттердің бірқатарында тіпті емдік дозаларын қабылдау да гипервитаминоз құбылысын туғызуы мүмкін екендігін ескеру керек. Жаңа туған сәбилердің Д дәруменіне сезімталдығы әр түрлі болуы мүмкін, оладың кейбіреулері тіпті өте төмен дозаларына да сезімтал болуы мүмкін. Д дәруменін ұзақ уақыт бойы қабылдаған балаларда өсудің тежелуінің туындау қаупі артады. Д дәрумені гиповитаминозының профилактикасы үшін наиболее теңдестірілген тамақтану анағұрлым дұрысырақ болып табылады.

Жас ұлғайғанда Д дәруменінің сіңірілуінің азаюы, инсоляция уақытының азаюы, бүйрек жеткіліксіздігінің туындау жиілігінің артуы салдарынан Д дәруменінің қажеттілігі артуы мүмкін.

Туберкулездің белсенді түрлері мен саркоидозы бар пациенттерге сақтықпен қолдану керек (гранулемалардың кальцификациялануы мүмкіндігіне байланысты).

### **Шығарылу түрі**

75 г түйіршіктер бұралып жабылатын қақпағы бар пластик құтыда.

Өлшеуіш стақанымен қоса 1 банка қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынған.

### **Сақтау шарттары**

Жарықтан қорғалған жерде 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Жарамдылық мерзімі**

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Өткізу шарттары**

Дәріханалар желісі мен арнайы дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №

Тағамға биологиялық белсенді қоспа.

Дәрілік зат емес.

**Дайындаған**

**«УОРЛД МЕДИЦИН ИЛАЧ САН. ВЕ ТИДЖ. А.Ш.», ТҮРКИЯ**

(Бағджылар Илчеси, Гюнешли, Эврен Махаллеси, Джамии Йолу Джад. №50 К. 1В Земин 4-5-6, Стамбул)

**“WORLD MEDICINE İLAÇ SAN. VE TİC. A.Ş.”, TURKEY**

(Bağcılar İlçesi, Güneşli, Evren Mahallesi, Cami Yolu Cad. No:50 K. 1B Zemin 4-5-6, İstanbul).

Тіркеу куәлігінің иесі

**«УОРЛД МЕДИЦИН ИЛАЧ САН. ВЕ ТИДЖ. А.Ш.», ТҮРКИЯ.**

**(“WORLD MEDICINE İLAÇ SAN. VE TİC. A.Ş.”, TURKEY)** компаниясы болып табылады.

*Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды қабылдайтын ұйым немесе өкілетті тұлға: ҚР, «ТРОКА-С ФАРМА» ЖШС.*

Тел.: + 7 (727) 2529090